


«"Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі" республикалық мемлекеттік мекемесі»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«Республиканское государственное учреждение "Агентство Республики Казахстан по регулированию и развитию финансового рынка"»

Облигациялық бағдарлама шегінде облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы куәлік


Берілген күні: 06.06.2023 ж.

Нөмірі: KZ87VNA00001187

Қазақстан Республикасының қаржы нарығын реттеу және дамыту Агенттігі 920440001102 бизнес-сәйкестендіру нөмірімен тіркелген «Bank RBK» Банкі» (Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Республика алаңы көшесі, 15 үй) акционерлік қоғамының үшінші облигациялық бағдарламасы шегінде үшінші облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуден өткізді. Шығарылым KZ2C00009835 халықаралық сәйкестендіру нөмірі (ISIN коды) берілген 20 000 000 (жиырма миллион) қамтамасыз етілмеген атаулы купондық облигацияларға бөлінген. Бір облигацияның номиналды құны 1000 (бір мың) теңге. Облигациялардың шығарылым көлемі 20 000 000 000 (жиырма миллиард) теңге болады.

Заместитель председателя

Хаджиева Мария Жамаловна



«"Қазақстан Республикасының Қаржы
нарығын реттеу және дамыту агенттігі"
республикалық мемлекеттік мекемесі»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«Республиканское государственное
учреждение "Агентство Республики
Казахстан по регулированию и развитию
финансового рынка"»

Свидетельство о государственной регистрации выпуска облигаций в пределах облигационной программы


Дата выдачи: 06.06.2023 г.

Номер: KZ87VHA00001187

Агентство Республики Казахстан по регулированию и развитию финансового рынка произвело государственную регистрацию третьего выпуска облигаций в пределах третьей облигационной программы Акционерного общества «Банк «Bank RBK» (Республика Казахстан, город Алматы, Бостандыкский район, улица площадь Республики, дом 15), бизнес-идентификационный номер 920440001102. Выпуск разделен на 20 000 000 (двадцать миллионов) именных купонных облигаций без обеспечения, которым присвоен международный идентификационный номер (код ISIN) KZ2C00009835. Номинальная стоимость одной облигации 1000 (одна тысяча) тенге. Объем выпуска облигаций составляет 20 000 000 000 (двадцать миллиардов) тенге.

Заместитель председателя

Хаджиева Мария Жамаловна



**BANK
RBK**

Үшінші облигациялық бағдарлама шегінде мемлекеттік емес облигациялардың үшінші шығарылымы проспектісі

Толық атауы:

Мемлекеттік тілде: «Bank RBK» Банкі» Акционерлік қоғамы

Орыс тілінде: Акционерное общество «Банк «Bank RBK»

Ағылшын тілінде: Bank «Bank RBK» Joint Stock Company

Қысқаша атауы:

Мемлекеттік тілде: «Bank RBK» АҚ

Орыс тілінде: АО «Bank RBK»

Ағылшын тілінде: Bank RBK JSC

«Уәкілетті органның мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын (облигациялық бағдарламаны, облигациялық бағдарлама шегіндегі мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын) мемлекеттік тіркеуі инвесторларға проспектіде сипатталған мемлекеттік емес облигацияларды иеленуге қатысты қандай да бір ұсыныстарды беруді білдірмейді және осы құжаттағы ақпараттың дәйектілігін растамайды.

Эмитенттің лағзымды тұлғалары онда берілген бүкіл ақпарат дәйекті және эмитент пен оның орналастырылатын мемлекеттік емес облигацияларына қатысты инвесторларды жаңылыстырмайтын болып табылатынын растайды.

Мемлекеттік емес облигациялар айналыста болған кезеңде эмитент Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасының талаптарына сәйкес қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында бағалы қағаздар нарығында ақпаратты жариялауды қамтамасыз етеді.»



«Bank RBK» АҚ-ның үшінші облигациялық бағдарламасы шегінде мемлекеттік емес облигациялардың үшінші шығарылымы проспектісі

1.	Облигациялардың үшінші шығарылымы «Bank RBK» Банкі» Акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Банк) үшінші облигациялық бағдарламасының проспектісіне сәйкес жүзеге асырылады:	
2.	Үшінші облигациялық бағдарлама туралы мәліметтер:	
1)	облигациялық бағдарлама проспектісін мемлекеттік тіркеу күні	2022 жылғы 24 тамыз, нөмірі KZ80VNA00001022
2)	шығарылым жүзеге асырылатын облигациялық бағдарламаның көлемі	500 000 000 000 (бес жүз миллиард) теңге
3)	облигациялық бағдарлама шегіндегі облигациялардың барлық алдыңғы шығарылымдары туралы мәліметтер (осы облигациялық бағдарлама шегіндегі әрбір шығарылым бойынша жеке), оның ішінде:	
		Үшінші облигациялық бағдарлама шегінде шығарылған облигациялардың бірінші шығарылымы
	Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органда (бұдан әрі - уәкілетті орган) облигациялар шығарылымын тіркеу күні	2022 жылғы 24 тамыз, нөмірі KZ53VNA00001023 (ISIN KZ2C00008852)
	облигациялар саны және түрі	40 000 000 (қырық миллион) дана; кепілсіз атаулы купондық облигациялар
	номиналды құны бойынша шығарылым көлемі	40 000 000 000 (қырық миллиард) теңге
	орналастырылған шығарылым облигацияларының саны	40 000 000 (қырық миллион) дана
	облигацияларды орналастыру кезінде тартылған ақшаның жалпы көлемі	40 000 000 000 (қырық миллиард) теңге
	облигациялардың осы шығарылымы бойынша есептелген және төленген сыйақы сомасы	0
	сатып алған күнін көрсете отырып, сатып алынған облигациялардың саны	0
	эмитенттің облигацияларды ұстаушылар алдындағы өз міндеттемелерін орындамау фактілері туралы мәліметтер (орындалмаған міндеттемелердің мөлшері және оларды орындаудың мерзімі туралы ақпаратты қоса алғанда, облигациялар бойынша сыйақыны төлемеу (төлеуді кешіктіру), облигациялар бойынша есептелген, бірақ төленбеген сыйақы сомасы	Жоқ
	облигациялар шығарылымын орналастыру не айналысқа жіберу тоқтатыла тұрған (қайта басталған) жағдайда, осындай шешімдер қабылдаған мемлекеттік орган, оларды қабылдаудың негізі мен күні көрсетіледі	облигациялар айналысы тоқтатылған жоқ
	Сауда-саттықты ұйымдастырушылардың атауларын қоса алғанда, облигациялар айналысқа түсетін нарықтар	облигациялар «Қазақстан қор биржасы» АҚ сауда алаңында ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында айналысқа түсті
	облигациялар айналыста болған жағдайда, ұстаушылардың осы құқықтарын іске асыру тәртібі көрсетіле отырып, облигациялар	



«Bank RBK» АҚ-ның үшінші облигациялық бағдарламасы шегінде мемлекеттік емес облигациялардың үшінші шығарылымы проспектісі

	оларды ұстаушыларға беретін құқықтар, оның ішінде шектеулер (ковенанттар) бұзылған кезде өткізілген және ұстаушылармен жасалған облигацияларды сатып алу-сату шарттарында көзделген құқықтар	
3)	облигациялық бағдарлама шегіндегі облигациялардың барлық алдыңғы шығарылымдары туралы мәліметтер (осы облигациялық бағдарлама шегіндегі әрбір шығарылым бойынша жеке), оның ішінде:	Банктің үшінші облигациялық бағдарламасы шегінде облигациялардың екінші шығарылымы проспектісін мемлекеттік тіркеу Банктің үшінші облигациялық бағдарламасы шегінде үшінші шығарылым проспектісін мемлекеттік тіркеумен бір мезгілде жүзеге асырылады.
3.	Облигациялар шығарылымы туралы мәліметтер:	
1)	облигациялар түрі	Қамтамасыз етүсіз атаулы купондық облигациялар
2)	бір облигацияның номиналды құны	1 000 (бір мың) теңге
3)	облигациялар саны	20 000 000 (жиырма миллион) дана
4)	облигациялар шығарылымының жалпы көлемі	20 000 000 000 (жиырма миллиард) теңге
5)	облигацияның номиналды құнының валютасы, облигациялар бойынша негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша төлем валютасы	<p>Облигацияның номиналды құнының валютасы, облигациялар бойынша негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша төлем валютасы Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы (теңге) болып табылады.</p> <p>Барлық төлемдерді (сыйақы төлемдері мен негізгі борыш сомаларын) Банк қолма-қол ақшасыз тәртіппен Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында (теңге) жүзеге асырады.</p> <p>Облигацияларды ұстаушы Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылған жағдайда, Облигациялар бойынша сыйақы төлеу Облигацияларды ұстаушыда Қазақстан Республикасының аумағында теңгемен банктік шот болған кезде теңгемен жүргізілетін болады.</p> <p>Төлемді жүзеге асыру кезінде теңгені өзге валютаға айырбастауға Банк тиісті жазбаша өтінішті Қазақстан Республикасының бейрезиденті облигацияларды ұстаушыдан тиісті төлем күніне дейін 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей алған жағдайда жол беріледі.</p> <p>Көрсетілген айырбастау төлемді жүзеге асыру күніне Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген бағам бойынша жүзеге асырылады. Теңгені өзге валютаға айырбастау облигацияларды ұстаушы – Қазақстан Республикасының бейрезиденті есебінен жүргізіледі.</p> <p>Қазақстан Республикасының резиденті – облигацияларды ұстаушының пайдасына облигациялар бойынша төлемді жүзеге асыру кезінде теңгені өзге валютаға айырбастауға жол берілмейді.</p> <p>Банктің айырбастау кезінде туындайтын шығыстары</p>



«Bank RBK» АҚ-ның үшінші облигациялық бағдарламасы шегінде мемлекеттік емес облигациялардың үшінші шығарылымы проспектісі

		Қазақстан Республикасының бейрезиденті – облигацияларды ұстаушыға аударылуға жататын сомадан ұсталатын болады.
4.	Орналастырылатын облигацияларды төлеу тәсілі	Облигацияларды төлеу тәртібі мен шарттары, есеп айырысу тәсілдері «Қазақстан қор биржасы» АҚ ішкі ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.
5.	Облигациялар бойынша кіріс алу:	
1)	облигациялар бойынша негізгі сыйақы мөлшерлемесінің мөлшері	Облигацияның номиналды құнынан жылдық 17,5% (он жеті бүтін оннан бес пайыз) айналыстың бүкіл мерзіміне бекітілген
	Қосымша сыйақы төленген жағдайда облигациялар бойынша қосымша сыйақы алу басталуы немесе басталмауы байланысты болатын оқиғалар туралы ақпарат көздерін көрсете отырып, облигациялар бойынша қосымша сыйақы мөлшерін айқындау тәртібі көрсетіледі;	Қосымша сыйақы қарастырылмаған.
2)	сыйақы төлеу кезеңділігі және (немесе) облигациялар бойынша сыйақы төлеу күні;	купондық сыйақыны төлеу жылына екі рет, тиісінше облигациялар айналысы басталған күннен бастап өтеу мерзіміне дейінгі әрбір 6 (алты) ай сайын жүргізіледі
3)	облигациялар бойынша сыйақыны есептеу басталатын күн	купондық сыйақыны есептеу облигациялар айналысы басталған күннен басталады.
4)	облигациялар бойынша сыйақы төлеу тәртібі мен шарттары, облигациялар бойынша сыйақы алу тәсілі;	<ul style="list-style-type: none"> • облигациялар бойынша купондық сыйақыны төлеу купондық сыйақыны төлеу жүзеге асырылатын кезеңнің соңғы күнінен кейінгі күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде облигацияларды ұстаушылардың ағымдағы шоттарына ақша аудару жолымен Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында (теңге) жүзеге асырылатын болады; • инвестор Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылған жағдайда, купондық сыйақыны төлеу Қазақстан Республикасының аумағында банктік шот болған кезде теңгемен жүргізілетін болады. Теңгедегі соманы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген ресми бағам бойынша осындай төлемді жүзеге асыру күніне инвестор көрсеткен банк шотына инвестордан жазбаша түрде тиісті өтініш алған кезде өзге валютаға айырбастауға болады. Теңгедегі соманы өзге валютаға айырбастау инвестордың есебінен жүргізілетін болады; • төлемдер жүзеге асырылатын кезеңнің соңғы күнінің басындағы жағдай бойынша (бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізуді жүзеге асыратын тіркеушінің орналасқан жеріндегі уақыт бойынша) облигациялар бойынша купондық сыйақы алуға облигацияларды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде тіркелген тұлғалар құқылы; • төлеу күніне купондық сыйақы Облигациялардың



«Bank RBK» АҚ-ның үшінші облигациялық бағдарламасы шегінде мемлекеттік емес облигациялардың үшінші шығарылымы проспектісі

		номиналдық құнының купондық сыйақының жартыжылдық ставкасына көбейтіндісі ретінде есептеледі
	5) облигациялар бойынша сыйақы есептеу үшін қолданылатын уақыт кезеңі.	купондық сыйақыны (купонды) есептеу үшін 360/30 (жылына 360 күн/айына 30 күн) уақытша базасы қолданылады.
6.	Арнайы қаржы компаниясының облигациялары шығарылған кезде жобалық қаржыландыру кезінде мыналар қосымша көрсетіледі:	Банк арнайы қаржы компаниясы болып табылмайды.
7.	Арнайы қаржы компаниясының облигациялары шығарылған кезде секьюритилендіру кезінде мыналар қосымша көрсетіледі:	Банк арнайы қаржы компаниясы болып табылмайды.
8.	Облигацияларды орналастыру шарттары және тәртібі:	
	1) облигацияларды орналастырудың басталған күні	Облигациялар айналысының басталатын күні
	2) облигацияларды орналастырудың аяқталған күні	Банктің бағалы қағаздарын ұстаушылардың дербес шотында немесе номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде жарияланған бағалы қағаздар үшін Банктің дербес шотынан барлық облигацияларды есептен шығару жөніндегі соңғы операцияны жүргізу күні.
	3) облигацияларды орналастыру жоспарланған нарық (бағалы қағаздардың ұйымдастырылған және (немесе) ұйымдастырылмаған нарығы)	Облигацияларды «Қазақстан қор биржасы» АҚ сауда алаңында ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында орналастыру жоспарлануда.
9.	Облигацияларды айналысқа жіберу талаптары және тәртібі:	
	1) облигацияларды айналысқа жіберудің басталған күні	«Қазақстан қор биржасы» АҚ ішкі ережелеріне сәйкес облигацияларды орналастыру бойынша алғашқы саудасаттықты өткізу күні. Облигациялар айналысының басталу күні туралы ақпарат «Қазақстан қор биржасы» АҚ ресми сайтында жарияланады.
	2) облигацияларды айналысқа жіберудің аяқталған күні (өтеу мерзімі жоқ облигациялар шығарылған кезде толтырылмайды)	облигациялар айналысы басталған күннен бастап 10 (он) жыл өткен соң
	3) облигациялардың айналыс мерзімі (өтеу мерзімі жоқ облигациялар шығарылған кезде толтырылмайды)	Облигациялардың айналысы басталған күннен бастап 10 (он) жыл.
	4) облигацияларды айналысқа жіберу жоспарланған нарық (бағалы қағаздардың ұйымдастырылған және (немесе) ұйымдастырылмаған нарығы)	Облигациялардың айналысы «Қазақстан қор биржасы» АҚ сауда алаңында ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында жоспарлануда
10.	Облигацияларды өтеу талаптары және тәртібі:	
	1) облигацияларды өтеу күні (өтеу мерзімі жоқ облигациялар	Облигациялар айналысының соңғы күнінен кейінгі күн облигациялар айналысы басталған күннен бастап 10 (он)



«Bank RBK» АҚ-ның үшінші облигациялық бағдарламасы шегінде мемлекеттік емес облигациялардың үшінші шығарылымы проспектісі

	шығарылған кезде толтырылмайды)	жыл өткен соң.
2)	облигацияларды өтеу тәсілі (өтеу мерзімі жоқ облигациялар шығарылған кезде толтырылмайды)	<p>Облигацияларды өтеу облигациялар айналысының соңғы күнінен кейінгі күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде жүргізіледі;</p> <p>Облигациялар облигацияларды ұстаушылардың ағымдағы банктік шоттарына ақша аудару арқылы соңғы купонды төлеумен бір мезгілде номиналды құны бойынша өтелетін болады;</p> <p>Облигациялар бойынша соңғы купондық сыйақыны қоса алғанда, оларды өтеу кезіндегі облигациялардың номиналды құны осы төлемдер жүзеге асырылатын кезеңнің соңғы күнінің басындағы жағдай бойынша (бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізуді жүзеге асыратын орталық депозитарий орналасқан жердегі уақыт бойынша) оларды алуға құқығы бар тұлғаларға төленеді;</p> <p>Егер инвестор Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылған жағдайда, купондық сыйақыны және облигацияларды өтеу кезінде олардың номиналды құнын төлеу Қазақстан Республикасының аумағында банк шоты болған кезде Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында (теңгеде) жүргізілетін болады. Теңгедегі соманы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген ресми бағам бойынша осындай төлемді жүзеге асыру күніне инвестор көрсеткен банк шотына инвестордан жазбаша түрде тиісті өтініш алған кезде өзге валютаға айырбастауға болады. Теңгедегі соманы өзге валютаға айырбастау инвестордың есебінен жүргізілетін болады.</p>
3)	егер облигацияларды өтеу кезінде сыйақыны және номиналды құнын төлеу облигациялар шығарылымы проспектісіне сәйкес өзге мүлдік құқықтармен жүргізілетін болса, осы құқықтардың, оларды сақтау тәсілдерінің, бағалау тәртібінің сипаттамасы және көрсетілген құқықтарды жүзеге асыруға құзыретті тұлғалар, сондай-ақ осы құқықтарға өтуді іске асыру тәртібі келтіріледі	Облигацияларды өтеу кезінде сыйақы мен номиналды құнын төлеу өзге мүлдік құқықтармен жүргізілмейді.
11.	Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 15 және 18-4-баптарында белгіленбеген облигацияларды сатып алудың қосымша талаптары болған жағдайда мыналар көрсетіледі:	
1)	облигацияларды сатып алу құқықтарын іске асыру тәртібі, талаптары;	<p>Эмитент Директорлар кеңесінің шешімі бойынша облигациялар айналысының бүкіл мерзімі ішінде кез келген күні облигацияларды сатып алуға құқылы.</p> <p>Орналастырылған облигацияларды сатып алу облигациялардың тиісті траншын орналастыру кірістілігі бойынша жүзеге асырылады.</p> <p>Сатып алынған облигациялар өтелген деп есептелмейді</p>



«Bank RBK» АҚ-ның үшінші облигациялық бағдарламасы шегінде мемлекеттік емес облигациялардың үшінші шығарылымы проспектісі

		және эмитент өзінің сатып алынған облигацияларын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес олардың айналысының бүкіл мерзімі ішінде бағалы қағаздар нарығында кері сатуға құқылы. Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген мерзім ішінде, олар болмаған жағдайда - Эмитенттің Директорлар кеңесі облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдаған күннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде Эмитент ұстаушылардың ықтимал әрекеттерінің тізбесін көрсете отырып, эмитентке жүгіну тәртібі мен мерзімдерін қоса Эмитенттің ресми сайтында және «Қазақстан қор биржасы» АҚ (www.kase.kz), Қаржылық есептілік депозитарийі (www.dfo.kz) интернет – ресурстарында ақпараттық хабарлама жариялау арқылы облигацияларды ұстаушыларға осы факт туралы хабарлайды.
	2) облигацияларды сатып алу құқықтарын іске асыру мерзімі.	Облигацияларды сатып алу құқығын іске асыру мерзімдері осы Проспектінің 19-т. 2) тармақшасында айқындалған.
12.	Бағалы қағаздар рыногы туралы заңда көзделмеген қосымша ковенанттар (шектеулер) белгіленген жағдайда мыналар көрсетіледі:	
	1) эмитент қабылдайтын және Бағалы қағаздар рыногы туралы заңда көзделмеген ковенанттардың (шектеулердің) сипаттамасы	Облигациялардың айналыс мерзімі ішінде Банк өз қызметінде мынадай шектеулерді (ковенанттарды) қабылдайды: 1) Банк пен «Қазақстан қор биржасы» АҚ арасында жасалған мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар листингі туралы шартта және/немесе «Қазақстан қор биржасы» АҚ өзге де ішкі құжаттарында белгіленген жылдық және аралық қаржылық есептілікті беру мерзімдерін бұзуға жол бермеу; 2) Банк пен «Қазақстан қор биржасы» АҚ арасында жасалған мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар листингі туралы шартта және/немесе «Қазақстан қор биржасы» АҚ өзге де ішкі құжаттарында белгіленген банктің жылдық қаржылық есептілігі бойынша аудиторлық есептерді беру мерзімінің бұзылуына жол бермеу, мұндай есептерді банкке аудиторлық компанияның беру мерзімдері бұзылған жағдайларды қоспағанда.
	2) ковенанттар (шектеулер) бұзылған кезде эмитент іс-әрекетінің тәртібі	Ковенанттар (шектеулер) бұзылған кезде банктің іс-қимыл тәртібі осы Проспектінің 19-тармағының 2) тармақшасында айқындалған.
	3) ковенанттар (шектеулер) бұзылған кезде облигация ұстаушылар іс-әрекетінің тәртібі	Ковенанттар (шектеулер) бұзылған кезде облигациялар ұстаушылардың іс-қимыл тәртібі осы Проспектінің 19-тармағының 2) тармақшасында айқындалған.
13.	Конвертацияланатын облигациялар шығарылған кезде мынадай мәліметтер қосымша көрсетіледі: 1) облигациялар конвертацияланатын акциялардың	Осы шығарылым облигациялары конвертацияланатын болып табылмайды.



«Bank RBK» АҚ-ның үшінші облигациялық бағдарламасы шегінде мемлекеттік емес облигациялардың үшінші шығарылымы проспектісі

	<p>түрі, саны және орналастыру бағасын белгілеу тәртібі, осындай акциялар бойынша құқықтар; 2) облигацияларды конвертациялау тәртібі мен талаптары (егер облигациялардың шығарылымы толығымен конвертацияланатын болса, конвертациялаудың аяқталу күнінен бастап 1 (бір) ай ішінде облигациялардың шығарылымы жойылуға жататыны көрсетіледі, егер облигациялардың шығарылымы толығымен конвертацияланбайтын болса, осы шығарылымның сатып алынған облигациялары одан әрі орналастырылуға жатпайтыны, айналыс мерзімінің соңында өтелетіні көрсетіледі)</p>	
14.	<p>Эмитенттің шығарылған облигациялар бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара қамтамасыз ету болып табылатын мүлкі туралы мәліметтер</p>	<p>Осы шығарылым облигациялары кепілсіз болып табылады.</p>
15.	<p>Атауын, орналасқан жерін, кепіл шартының деректемелерін, кепілдік мерзімі мен талаптарын көрсете отырып, кепілдік берген тұлғаның деректері (егер облигациялар банктің кепілдігімен қамтамасыз етілсе)</p>	<p>Осы шығарылым облигациялары кепілдікпен қамтамасыз етілмеген.</p>
16.	<p>Инфрақұрылымдық облигациялар шығарылған кезде - концессия шартының және Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттің кепілдемесін беру туралы қаулысының деректемелері.</p>	<p>Осы шығарылам облигациялары инфрақұрылымдық болып табылмайды.</p>
17.	<p>Облигацияларды орналастырудан алынған ақшаны пайдаланудың нысаналы мақсаты.</p>	<p>Банктің облигацияларды орналастырудан алған ақшасы өңдеу өнеркәсібі мен агроөнеркәсіптік кешендегі қызметті жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілеріне ғана кредит беруге бағытталатын болады («Қолжетімді кредит беру міндетін шешу үшін ұзақ мерзімді теңгелік өтімділікті қамтамасыз етудің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 11 желтоқсандағы №820 қаулысына сәйкес). Облигацияларды орналастырудан алынған ақша қаражаты Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ноталарын сатып алу үшін пайдаланылмайды. Осы шығарылымның облигациялары «Жасыл», әлеуметтік, сонымен қатар тұрақты даму</p>



«Bank RBK» АҚ-ның үшінші облигациялық бағдарламасы шегінде мемлекеттік емес облигациялардың үшінші шығарылымы проспектісі

		облигациялары болып табылмайды.
18.	Эмитент бұрын орналастырған (эмитент сатып алған облигацияларды шегергенде), айналыста болу мерзімі аяқталған облигациялар бойынша талап ету құқықтарымен ақы төленетін облигацияларды шығару кезінде осы облигациялардың шығарылымын мемлекеттік тіркеу күні және нөмірі, олардың түрі мен саны, сондай-ақ облигациялар шығару көлемі, облигациялар бойынша жинақталған және төленбеген сыйақы сомасы қосымша көрсетіледі.	Облигацияларды төлеу тек ақшамен жүзеге асырылады.
19.	Облигацияларды ұстаушыға ұсынылатын құқықтар:	
1)	эмитенттен облигацияның номиналды құнын алу не өзге де мүліктік баламаны алу құқығы, сондай-ақ облигация бойынша сыйақы не облигациялар шығару проспектісінде белгіленген өзге де мүліктік құқықтар алу құқығы	<ul style="list-style-type: none"> • Қазақстан Республикасының заңнамасына және Проспектке сәйкес облигациялармен мәмілелерді жүзеге асыру құқығы. • Облигациялардың номиналды құнын шығарылым Проспектісінде көзделген мерзімде алу; • Шығару проспектісінде көзделген мерзімде купондық сыйақы алу; • Облигацияларды еркін сату және басқа жолмен иеліктен шығару; • Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен ақпарат алу; • Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен өз талаптарын қанағаттандыру; • Банк өз міндеттемелерін және проспектіде көзделген шектеулерді (ковенанттарды) сақтаған кезде облигацияларды ұстаушылардың мерзімінен бұрын өтеуді талап ету құқығы көзделмеген • Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген облигацияларға меншік құқығынан туындайтын өзге де құқықтар.
2)	эмитенттің осы құқықты іске асыру шарттарын, тәртібін және мерзімдерін көрсете отырып, оның ішінде облигациялар шығару проспектісінде көзделген ковенанттарды (шектеулерді) бұзған кезде облигацияларды сатып алуын талап ету құқығы	<p>Банк «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 2 шілдедегі №461-II Заңының 18-4-бабында көзделген шарттарды және осы проспектіде белгіленген шектеулерді (ковенанттарды) бұзған жағдайда Банк облигацияларды ұстаушылардың талабы бойынша облигацияларды сатып алуға міндетті.</p> <p>Шектеулерді (ковенанттарды) бұзған жағдайда Банк бұзушылық басталған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында (www.dfo.kz) орналастыру және «Қазақстан қор биржасы» АҚ-на оның интернет-ресурсында www.kase.kz орналастыру үшін ұсыну арқылы бұзушылықтың пайда болу себептерін егжей-тегжейлі сипаттай отырып және облигацияларды ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыру жөніндегі ықтимал іс-қимылдарының тізбесін көрсете отырып, жазбаша</p>



	<p>хабарлама, банкке талап қою тәртібін қоса алғанда, шектеулерді (ковенанттарды) бұзу туралы ақпаратты облигацияларды ұстаушылардың назарына жеткізеді.</p> <p>Облигацияларды ұстаушылар шектеулерді (ковенанттарды) бұзу туралы ақпараттық хабарлама жарияланған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде банкке өздеріне тиесілі облигацияларды сатып алу туралы жазбаша талаптар қоюға құқылы.</p> <p>Сатып алу рәсімі барлық қажетті деректемелерді көрсете отырып, еркін нысанда жасалған облигацияларды сатып алу туралы облигацияларды ұстаушы берген жазбаша талап негізінде ғана жүзеге асырылатын болады:</p> <ul style="list-style-type: none">• <u>заңды тұлға үшін:</u> облигацияларды ұстаушының атауы; бизнес-сәйкестендіру нөмірі; мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің (анықтаманың) нөмірі, берілген күні және беру органы; заңды мекенжайы және нақты орналасқан жері; телефондары; банктік деректемелері; сатып алуға жататын облигациялардың саны мен түрі;• <u>жеке тұлға үшін:</u> облигацияларды ұстаушының тегі, аты және бар болса әкесінің аты; жеке сәйкестендіру нөмірі; жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі берілген күні және берген орган; тұрғылықты жері; телефондары; банк деректемелері; сатып алуға жататын облигациялардың саны мен түрі. <p>Сатып алу туралы алғашқы жазбаша талапты алған күннен кейінгі күнтізбелік 10 (он) күн ішінде Банктің Директорлар кеңесі облигацияларды сатып алу күніне жинақталған купондық сыйақыны ескере отырып, облигациялардың номиналды құнына сәйкес баға бойынша не облигациялардың әділ нарықтық бағасы бойынша, қандай шама ең жоғары болып табылатынына байланысты, облигацияларды ұстаушылардың ағымдағы банктік шоттарына төленуге жататын соманы аудару арқылы сатып алу жолымен сатып алу туралы шешім қабылдайды.</p> <p>Банктің Директорлар кеңесі облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдағаннан кейін Банк бұл шешімді облигацияларды ұстаушылардың назарына ол қабылданған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында (www.dfo.kz) хабарлама орналастыру арқылы жеткізеді және оның интернет-ресурсында www.kase.kz орналастыру үшін «Қазақстан қор биржасы» АҚ ұсынынады.</p> <p>Банк облигацияларды сатып алуды Банктің Директорлар кеңесінің тиісті шешімі жарияланғаннан кейін күнтізбелік 25 (жиырма бес) күн ішінде жүзеге асырады.</p> <p>Облигацияларды сатып алуға өтініш бермеген</p>
--	---



«Bank RBK» АҚ-ның үшінші облигациялық бағдарламасы шегінде мемлекеттік емес облигациялардың үшінші шығарылымы проспектісі

		облигацияларды ұстаушылардың осы проспектіде көрсетілген айналыс мерзімі аяқталғаннан кейін оларға тиесілі облигацияларды өтеуге құқығы бар.
3)	өзге құқықтар	Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен облигацияларға құқықтан туындайтын өзге де құқықтар.
20.	Туындаған жағдайда эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялану ықтималдығы бар оқиғалар туралы мәлімет:	
1)	туындаған жағдайда эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялану ықтималдығы бар оқиғалар тізбесі	<p>- дефолт - эмиссиялық бағалы қағаздар және өзге де қаржы құралдары бойынша міндеттемелерді орындамау.</p> <p>- Банктің облигациялары бойынша дефолт Банктің кінәсінен облигациялар бойынша купондық сыйақы және/немесе облигациялардың номиналды құны төленбеген немесе толық төленбеген жағдайда осы проспектіде белгіленген облигациялар бойынша купондық сыйақы төлеу мерзімдері және/немесе облигациялардың номиналды құны аяқталған күннен кейінгі күннен бастап туындайды;</p> <p>- егер мұндай төлемеу және/немесе толық төлемеу Банктің сыйақыны және/немесе номиналды құнын төлеуді жүзеге асыруын мүмкін етпейтін Банктің облигацияларды ұстаушының банктік шотының дұрыс емес не толық емес деректемелерін алуының нәтижесі болып табылса, не Орталық депозитарий банкке облигацияларды ұстаушылар тізілімін заңнамада және онымен жасалған шартта белгіленген мерзімдерде ұсынбаған жағдайда не болмаса банктің осы проспектіде белгіленген мерзімдерде сыйақыны және/немесе номиналды құнын төлемеуі не толық төлемеуі облигациялар бойынша дефолт болып табылмайды;</p> <p>- Егер бұл орындамау еңсерілмейтін күш мән-жайларының салдары болып табылса, Банк осы Проспекті бойынша өз міндеттемелерін ішінара немесе толық орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары деп басталуы болжау немесе алдын алу мүмкін болмаған мән-жайлар (дүлей құбылыстар, әскери іс-қимылдар, тыйым салу немесе шектеу сипатындағы уәкілетті органдардың актілері және т. б.) түсініледі. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындаған жағдайда, банктің осы Проспекті бойынша өз міндеттемелерін орындау мерзімі осындай мән-жайлар мен олардың салдарлары қолданылатын уақыт кезеңіне сәйкес кейінге қалдырылады.</p>
2)	облигацияларды ұстаушылардың сыйақы төлемі бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған кезде құқықтарын қорғау рәсімдерін,	- Банктің кінәсінен облигациялар бойынша купондық сыйақы және/немесе облигациялардың номиналды құны осы проспектіде белгіленген мерзімде төленбеген немесе толық төленбеген жағдайда, Банк осы шығарылымның облигацияларын ұстаушыға уәкілетті



«Bank RBK» АҚ-ның үшінші облигациялық бағдарламасы шегінде мемлекеттік емес облигациялардың үшінші шығарылымы проспектісі


	<p>оның ішінде міндеттеме тәртібі және қайта құрылымдау талаптарын қоса алғанда, облигациялар бойынша дефолт туындаған жағдайда эмитент қабылдайтын шаралар</p>	<p>органның ақшалай міндеттеме орындалған күнге немесе оның тиісті бөлігіне қайта қаржыландырудың ресми мөлшерлемесін негізге алына отырып, мерзімі өткен әрбір күн үшін өсімпұл төлеуге міндеттенеді</p> <p>- Банк барлық қажетті іс-шараларды жүзеге асырады және өз міндеттемелері бойынша дефолттарға жол бермеу мақсатында барлық қажетті шараларды қабылдайды, алайда осы шығарылымның облигациялары бойынша дефолт басталған кезде Банк дефолт тудырған себептерді жою үшін барлық күш-жігерін жұмсайды, оның ішінде өзінің қаржылық жағдайын жақсарту жөнінде шаралар қабылдайды;</p> <p>- осы шығарылымның облигациялары бойынша дефолт туындаған жағдайда облигацияларды ұстаушының талаптарын қанағаттандыру осы проспектіде және Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен және шарттарда жүзеге асырылатын болады.</p>
3)	<p>эмитенттің орындалмаған міндеттемелердің көлемі, міндеттемелердің орындалмау себебі, облигацияларды ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыру жөніндегі мүмкін болатын іс-әрекеттері, облигацияларды ұстаушылардың эмитентке, эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе бірлескен жауапкершілік көтеретін тұлғаларға талап қою өтінішінің тәртібі туралы мәліметтерден тұратын дефолт фактілері туралы ақпаратты облигацияларды ұстаушыларға жеткізу тәртібі, мерзімі және тәсілі</p>	<p>Дефолт туындаған кезде Банк облигациялар бойынша міндеттемелерді орындаудың осы Проспектімен белгіленген күніне дейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей, облигациялар бойынша дефолттың пайда болу себептерін егжей-тегжейлі сипаттайтын жазбаша хабарлама, орындалмаған міндеттемелердің көлемін және банкке талап қою тәртібін қоса алғанда, облигацияларды ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыру жөніндегі ықтимал іс-қимылдарының тізбесін көрсете отырып, оны Қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында (www.dfo.kz) орналастыру арқылы облигациялардың дефолты туралы ақпаратты жеткізеді және «Қазақстан қор биржасы» АҚ-на оның www.kase.kz интернет-ресурсында орналастыру үшін ұсынып, облигацияларды ұстаушылардың назарына ұсынады.</p>
4)	<p>эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе бірлескен жауапкершілік көтеретін тұлғалармен шарт жасалған күні мен нөмірі, осы тұлғалардың толық атауы, сондай-ақ оларды (осындай тұлғалар бар болса)</p>	<p>Банк облигациялар бойынша міндеттемелерді орындау бойынша дербес жауапты болады.</p>



«Bank RBK» АҚ-ның үшінші облигациялық бағдарламасы шегінде мемлекеттік емес облигациялардың үшінші шығарылымы проспектісі

	мемлекеттік тіркеу күні	
21.	Облигацияларды өтеу сәтіне дейін сыйақыларды төлеудің әрбір кезеңі бөлігінде сыйақыларды төлеу және негізгі борыш сомасын өтеу үшін қажетті эмитенттің ақша қаражатының көздері мен ағындарының болжамы	Облигацияларды өтеу сәтіне дейін сыйақыны төлеудің әрбір кезеңі бөлінісінде сыйақыны төлеу және негізгі борыш сомасын өтеу үшін қажетті банк қаражатының көздері мен ағындарының болжамы осы Проспектінің №1 қосымшасында берілген.
22.	Эмитенттің облигацияларын ұстаушылардың өкілі туралы мәліметтер (қамтамасыз етілген, инфрақұрылымдық немесе ипотекалық облигациялар шығарылған жағдайда):	Осы облигациялар шығарылымының облигациялары бойынша облигацияларды ұстаушылардың өкілі көзделмеген
23.	Эмитенттің төлем агенті туралы мәліметтер (бар болса):	Төлем агенті қарастырылмаған. Купондық сыйақы мен номиналды құнын төледі Банк дербес жүзеге асырады.
24.	Эмитенттің консультанттары туралы мәліметтер (Бағалы қағаздар рыногы туралы заңға сәйкес эмиссиялық бағалы қағаздарды қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың тізімде болуы мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсету бойынша шарт жасасу міндеті белгіленген жағдайда):	Облигацияларды «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның ресми тізіміне енгізуді және болуды Банк дербес жүзеге асырады.

Басқарма Төрағасының м.а



А.А. Токаров



**"Bank RBK" АҚ үшінші облигациялық бағдарламасы шегінде
мемлекеттік емес облигациялардың үшінші шығарылымының проспектісі
№1 Қосымша**

Млн. теңге	1ж 2023	2ж 2023	1ж 2024	2ж 2024	1ж 2025	2ж 2025	1ж 2026	2ж 2026	1ж 2027	2ж 2027	1ж 2028	2ж 2028	1ж 2029	2ж 2029	1ж 2030	2ж 2030	1ж 2031	2ж 2031	1ж 2032	2ж 2032	1ж 2033	2ж 2033	
Операциялық қызметтен түсетін ақша																							
Операциялық активтер мен міндеттемелердегі өзгерістерге дейінгі операциялық қызметтен ақша ағындары	49 842	74 763	58 206	87 310	64 838	97 257	74 821	112 231	82 473	123 710	90 534	135 801	99 039	148 559	108 038	162 057	117 576	176 364	127 628	191 442	135 545	203 317	
Операциялық қызметтен корпоративтік табыс салығына дейінгі ақша қарамағының таза түсімі /жұмысшы/	(8 743)	(13 115)	133 509	200 263	83 292	124 938	95 777	143 666	107 327	160 991	118 818	178 227	130 474	195 711	143 048	214 571	156 888	235 333	180 633	270 950	185 511	278 267	
Төленген корпоративтік табыс салығы	(5 183)	-	(3 876)	-	(7 501)	-	(9 779)	-	(15 132)	-	(17 340)	-	(19 706)	-	(22 590)	-	(26 685)	-	(30 434)	-	(35 659)	-	
Операциялық қызметтен ақша қарамағының таза ағыны / (жылыстауы)	(13 926)	(13 115)	129 633	200 263	75 791	124 938	85 999	143 666	92 195	160 991	101 478	178 227	110 768	195 711	120 458	214 571	130 203	235 333	150 199	270 950	149 852	278 267	
Инвестициялық қызметтен түсетін ақша қарамағы																							
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатудан (сатып алудан) /сатудан түскен ақша ағындары	1 154	1 732	400	600	400	600	400	600	400	600	400	600	400	600	400	600	400	600	400	600	400	600	
Инвестициялық бағалы қағаздарды сатудан (сатып алудан)/сатудан түскен ақша ағындары	(23 391)	(35 086)	(14 076)	(21 114)	(100 000)	(150 000)	(40 000)	(60 000)	(40 000)	(60 000)	(40 000)	(60 000)	(40 000)	(60 000)	(40 000)	(60 000)	(40 000)	(60 000)	(40 000)	(60 000)	(40 000)	(60 000)	
Инвестициялық қызметтен түскен ақша қарамағының таза ағыны/(жылыстауы)	(22 236)	(33 354)	(13 676)	(20 514)	(99 600)	(149 400)	(39 600)	(59 400)	(39 600)	(59 400)	(39 600)	(59 400)	(39 600)	(59 400)	(39 600)	(59 400)	(39 600)	(59 400)	(39 600)	(59 400)	(39 600)	(59 400)	
Қаржы қызметінен түсетін ақша қарамағы																							
Дивидендтерді төлеу	(19 606)	-	(25 148)	-	(31 867)	-	(41 393)	-	(51 985)	-	(65 837)	-	(78 229)	-	(80 932)	-	(89 520)	-	(100 381)	-	(111 364)	-	
Борыштық бағалы қағаздарды шығарудан/(өтеуден) түскен ақша ағындары	39 311	-	(50 000)	-	-	-	(25 530)	-	-	-	-	-	-	-	(74 065)	-	-	-	(40 000)	(243 700)	(38 956)	-	
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар бойынша кұлонды өтеу	(14 517)	(21 775)	(15 139)	(22 709)	(13 759)	(20 638)	(13 370)	(20 055)	(12 641)	(18 961)	(12 641)	(18 961)	(12 641)	(18 961)	(12 018)	(18 028)	(9 426)	(14 139)	(8 026)	(12 039)	(3 899)	(5 849)	
Қаржы қызметінен ақша қарамағының таза ағыны / (жылыстауы)	5 189	(21 775)	(90 287)	(22 709)	(45 626)	(20 638)	(80 292)	(20 055)	(18 961)	(78 478)	(18 961)	(85 870)	(18 961)	(18 028)	(98 946)	(14 139)	(148 406)	(255 739)	(154 406)	(255 739)	(154 406)	(220 739)	
Ақша қарамағы мен оның баламаларындағы таза өзгеріс	(30 974)	(68 244)	25 669	157 040	(69 435)	(45 100)	(33 894)	64 211	(12 031)	82 630	(16 600)	99 866	(14 702)	117 350	(86 158)	137 144	(8 343)	161 793	(37 808)	(44 190)	(3 968)	273 018	
Кезең басындағы ақша және оның баламалары	309 749	278 775	210 531	236 201	393 241	323 806	278 706	244 812	309 023	296 993	379 623	363 023	462 889	448 187	565 537	479 379	616 523	608 180	769 974	732 165	887 976	684 008	
Кезең соңындағы ақша және оның баламалары	278 775	210 531	236 201	393 241	323 806	278 706	244 812	309 023	296 993	379 623	363 023	462 889	448 187	565 537	479 379	616 523	608 180	769 974	732 165	887 976	684 008	957 026	



Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы «Электрондық құжат және электронды сандық қол қою» туралы заңның 1-бабына 1-тармағына сәйкес қалғат бастаптан заңмен тексерілген. Электрондық құжат www.elicense.kz порталында құрылған. Электрондық құжат түпнұсқасын www.eicense.kz порталында тексерсе аласыз. Дәлелді документ солдано пункт 1-статья 7-ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе. Электронный документ сформирован на портале www.eicense.kz. Проверить подлинность электронного документа вы можете на портале www.eicense.kz.



Проспект третьего выпуска негосударственных облигаций в пределах третьей облигационной программы

Полное наименование:

На государственном языке: «Bank RBK» Банкі» Акционерлік қоғамы

На русском языке: Акционерное общество «Банк «Bank RBK»

На английском языке: Bank «Bank RBK» Joint Stock Company

